

## Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 25 сәуір N 659. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.01.29. N 71 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының экономиканың сыртқы экономикалық секторында болып жатқан процестерді реттеуге, келісілген сыртқы сауда, қаржы, ақша-кредит және валюта саясатын жүргізуге, валюталық реттеу саласындағы стратегияны айқындауға қажетті төлем балансын қалыптастыру мен талдау жөніндегі жұмыстарды жетілдіру және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігімен, Қаржы министрлігімен және Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігімен келісілген ұсынысы қ а б ы л д а н с ы н :

1997 жылғы II тоқсан үшін жасалған есептен бастап тоқсан сайын еліміздің тоқсандық және жылдық жиынтық есебінің төлем балансының осы тармақта белгіленген мерзімде қалыптасуын жүзеге асыру және оны Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп осы тармақта белгіленген мерзімде еліміздің жылдық төлем балансына болжам бағасын әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну;

еліміздің төлем балансының көрсеткіштеріне орта мерзімді және ұзақ мерзімді болжам жасап бағалауға қатысу;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен және Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігімен бірлесіп, еліміздің төлем балансының ағымдағы және болжамды көрсеткіштерін қалыптастыру жөніндегі әдістемелік тәсілдерді жасау және оны халықаралық қ а р ж ы ұ й ы м д а р ы м е н к е л і с у ;

1997 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігімен бірлесіп, еліміздің төлем балансы бойынша статистикалық есеп нысандарын халықаралық стандарттардың т а л а п т а р ы н а с ә й к е с а н ы қ т а у ;

1997 жылғы 1 шілдеге дейін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Мемлекеттік кеден комитетімен, Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігімен бірлесе отырып, көрсеткіштердің нақты тізбесін, оларды бекітілген схемаға сәйкес тәртібі мен кестесін жасау.

Қазақстан Республикасының төлем балансын жасаудың мынадай мерзімдері қарастырылсын:

есепті төлем балансын алдын-ала бағалау - есепті кезеңнен кейін бір айдан кешіктірмей;

есепті төлем балансы - есепті кезеңнен кейін үш айдан кешіктірілмей;

болжамды төлем балансын алдын ала бағалау - кезекті жылдың индикативті жоспарын дайындау үшін белгіленген мерзімдерге сәйкес;

болжамды төлем балансын нақты бағалау - болжам жасалатын жылдың сәуір айынан кешіктірмей.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігі:

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне 1997 жылғы II тоқсан үшін еліміздің төлем балансы бойынша жасалған есептіліктен бастап:

қосымша берілетін схемаға сәйкес ақпарат;

министрліктер, ведомстволар, жергілікті атқарушы органдар және меншік нысандарына қарамастан ұйымдар үшін бекітілген статистикалық есеп нысандарының жиынтық көрсеткіштері жөнінде ақпарат;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын респонденттер тізбесін;

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұрау салуы бойынша тиісті респонденттердің жекелеген бекітілген нысандары жөнінде ақпарат беріп отыратын болсын;

1997 жылғы 1 қарашаға дейін мерзімде еліміздің төлем балансы бойынша статистикалық есептің нақтыланған нысандарын бекітетін болсын;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің тапсырысы бойынша еліміздің төлем балансының жекелеген көрсеткіштері жөнінде бір жолғы іріктеу зерттеулерін жүзеге асыратын болсын.

3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер, басқа да орталық және жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымдар (қаржы рыноктарында делдалдық қызметті жүзеге асыратын банк секторы мен мекемелерден басқа) Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігінің Ұлттық статистика агенттігіне еліміздің төлем балансы бойынша бекітілген нысандарға сәйкес статистикалық есеп беріп отыратын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне еліміздің төлем балансы бойынша ақпараттар берудің қоса беріліп отырған схемасы бекітілсін.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кеден комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне еліміздің төлем балансы бойынша статистикалық есеп берудің бекітілген нысандарына сәйкес 1997 жылдың II тоқсаны үшін берілетін есептен бастап қоса беріліп отырған нобайға сәйкес ақпарат беріп отыратын болсын.

6. Әділет министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (келісім бойынша) бірлесе отырып, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына тиісті толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс жасайтын болсын.

7. "Қазақстан Республикасының төлем балансын жасау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 18 маусымдағы N 510 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1993 ж., N 24, 292-құжат) күші жойылған деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 25 сәуірдегі

N 659 қаулысымен

бекітілген

**Еліміздің төлем балансы бойынша Қазақстан  
Республикасының Ұлттық Банкіне ақпарат беру схемасы**

-----	
Ақпараттың түрі	Ақпарат беруші ұйым
-----	
көрсеткіштері	Индикативтік жоспардың
Экономсаудамині	
Сауда балансы	Ұлттықстатагенттік
Мигранттардың трансферті	Мемкеденком, Ұлттықстатагенттік
Ағымдағы трансферттер жөніндегі ақпарат	Ұлттықстатагенттік
Халықаралық қызмет көрсету жөніндегі ақпарат	Ұлттықстатагенттік
Тікелей инвестициялар жөніндегі ақпарат	Ұлттықстатагенттік
Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы өтетін тауарлардың, нақтылы	Мемкеденком, Ұлттықстатагенттік

валютаның, бағалы қағаздардың және  
шетел валютасындағы төлем құжаттарының  
қозғалысы туралы ақпарат  
Үкіметтің ресми заемдары және Қаржымині  
Қазақстан Республикасының гранттары  
туралы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК